

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
08.04.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 08.04.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Келесі сұрақ – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы 1 сәуірде бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасы ардагерлер үшін әлеуметтік жеңілдіктер түрлерін анықтау мақсатында, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманы «Ардагерлер туралы» Заң жобасына сәйкес келтіру үшін әзірленді.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар заң жобасының бірқатар нормаларын Бюджет кодексімен, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен, «Ардагерлер туралы» Заң жобасымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен үйлестірді.

Сонымен қатар заң жобасы аясында депутаттар тоғыз заңнамалық актіге түзетулер енгізді.

Бұдан басқа депутаттар бірінші оқылымнан кейін ардагерлердің тұрғын үй алу құқығын нақтылау бөлігінде «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңға түзетулер енгізді.

Сонымен қатар редакциялық сипаттағы түзетулер және нормаларды заң техникасына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізді, олар заң жобасының мазмұнын сапасы тұрғысынан жақсартты.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының 2 кодексіне және Қазақстан Республикасының 11 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жалпы, жұмыс тобы 40-қа жуық түзетуді қарады, жұмыс тобы отырыстарының қорытындылары бойынша 29 позиция қабылданды.

Осы айтылғандарды ескере отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, Бейбіт Баймағамбетұлы бас комитеттің ұсынысын жеткізді, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Заң жобасы тұтастай мақұлданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Мамір Н. Шайғынбаев.*